


**СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ІС-  
ӘРЕКЕТІ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ  
ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАБЫСТЫ  
БОЛУЫНЫҢ БАСТЫ  
ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

*Орындаған:* Калкеш Айтолқын

*Тобы:* ПЖП-31



Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі, біріншіден, ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік және дағдыларын беру процесі болады. Екіншіден, адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру. Бұл мақсатты түрде адамның әлеуметтік дамуына жағдай тудыруды көздейді. Мұндай көзқараста баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру басшылыққа алынады: Оқу, еңбек, қарым-қатынас, ойын, практикалық әрекеттер т.с.с. Тәрбие жұмысының мақсаты баланың жеке тұлғасының даму процесін басқару міндеттерін анықтайды. Сондықтан, сынып жетекшісінің *мақсат қоюшылық* қызметі тәрбие жұмысын жоспарлауда көрініс табады.

# СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

## ● Оқушыға тікелей ықпал жасау:

- Оның дара даму ерекшелігін, қызығушылығын, қоршаған ортасын танып білу;

- Тәрбие ықпалын алдын ала болжау, жобалау;

- Жеке дара және ұжымдық жұмыста тәрбие формалары мен тәсілдерін жүзеге асыру;

- Тәрбие ықпалының нәтижесіне талдау жүргізу.


## ● Тәрбиелеу ортасына жағдай тудыру:


- Оқушылар ұжымын қалыптастыру;

- Онда жағымды көңіл-күйді қалыптастыру;

- Оқушыларды әлеуметтік әрекетке қалыптастыру

- Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту.

- 
- **Баланың әлеуметтік қатынасына ықпал ететін әртүрлі субъектілерге көмектесу, бақылау жасау:**
    - отбасына әлеуметтік қолдау көрсету;
    - мұғалімдер ұжымының өзара педагогикалық әрекетіне қолдау көрсету;
    - бұқаралық ақпарат құралдарының балаға ықпалын бақылау;
    - мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау.



Тәрбие жұмысының мақсатын анықтау барысында, оның педагогикалық *міндеттері* де айқындалады. Оны жобалау негізінен мынандай кезең арқылы жүзеге асады:

1. Тәрбиенің жалпы мақсаты қандай боп белгіленеді.
2. Сынып ұжымы мен мектеп және тұрғылықты жердің қандай өзіндік ерекшеліктері бар.
3. Мектеп немесе сынып жағдайында өткен оқу жылында қандай міндеттер қарастырылды және олардың нәтижесі қалай болды.
4. Сынып ұжымының әрекеті қандай міндеттерге айрықша жауап берді.
5. Қойылып отырған мақсатты жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктері қандай.
6. Сынып ұжымының жақын қашықтықтағы міндеттерді шешуге даярлық дәрежесі қандай.

*Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары*-міндетті педагогикалық құжат. Жоспар оқушылар ұжымының қалыпты дамуына мақсатты және жүйелі түрде ықпал етеді, тәрбие міндеттерін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлау барысында, оған оқушыларды қатыстыруы міндетті. Жоспарлау барысында оған балаларды тарту оның нақтылығын, мектеп пен оқушылар өмірін тығыз байланыстыруға, сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметін нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. *Жоспар* жарты жылға немесе тоқсанға арналып жасалынады. Тәжірибелі сынып жетекшісі тоқсандық жоспардан, айлық және апталық доспар құрып алады.

**Жоспарлау**- бұл сынып жетекшісінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі әрекеттерін нәтижелі ұйымдастырудағы маңызды буын. Жоспардың қызметі- педагогикалық ықпалды жүйеге келтіру, педагогикалық талаптарды орындауды қамтамасыз ету, ондағы белгіленген шараларының бірізділігі мен басқару тиімділігін қамтамасыз етуді көздейді. Жоспарлау-мақсатқа жетудің бірден-бір негізгі жолы.

Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жоспарлау барысында әртүрлі мақсаттар белгіленеді: жақын қашықтықта, орта қашықтықта және алыс қашықтықта болып келеді. Оны анықтауда оқушылар мен ата-аналарды тартады. *Мұндай жағдайда:*

а) мақсатты ұсыну және оны негіздеуді;  
ә) оны жүзеге асырудың жолын қарастыруды;  
б) қол жеткізетін нәтижені алдын-ала жобалауды бірінші кезекте ескерілуі қажет. *Сынып жетекшісінің мақсат қоюшылық қызметі* 4 кезеңнен тұрады:

1. Педагогикалық процесті алдын-ала болжау.
2. Өткен оқу жылы қорытындысының нәтижесіне талдау жасау.
3. Тәрбиенің мүмкіндіктерін жобалау.
4. Мақсатты анықтауда пән мұғалімдері мен оқушылар және ата-аналардың өзара бірлескен әрекетін ұйымдастыру.



# Тәрбие жоспарының үлгісі

1. Сынып жайлы мәлімет: сынып, сынып белсенділері, балалардың тәртібі, денсаулығы, сабақ үлгерімі, қабілеттер олардың ата-аналары, белгілі бір ұйымға қатысы, қоғамдық тапсырмасы, тұрғылықты мекен-жайы туралы қысқаша сипапаттама беріледі.
2. Өткен оқу жылына сай атқарылатын тәрбиелік шаралардың нәтижесіне қысқаша талдау.
3. Жаңа оқу жылына белгіленген тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.
4. Сынып жайлы мәлімет, өткен оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижесіне талдау, жаңа оқу жылына сол сыныптағы тәрбие жұмыстарының міндеттері негізінде оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық ұйымдар және пән мұғалімдерімен бірлесе атқарылатын тәрбиелік шаралар мазмұны және формалары болады.

## Сыныптың тәрбие жүйесінің аса маңызды, айқындалған 5 компоненті:

- 1. Жеке дара-топтық;
- 2. Құндылық-бағдарлы;
- 3. Атқарымдық-әрекеттік;
- 4. Кеңістіктік-уақытты;
- 5. Диагностикалық-нәтижелілік;

**Жеке-дара-топтық компонент** бұл ересектер мен балалардың қауымдастығы. Олар бір сынып көлемінде ортақ әрекет арқылы біріккен қауымдастық. *Бұл қауымдастық бірнеше бөліктерден тұрады:*

-сынып жетекші, оқушылар, ата-аналар, пән мұғалімдері басқа да тәрбие үдерісіне қатысы бар адамдар.

**Құндылық-бағдарлы компоненті.** Ол келесі жиынтықтан тұрады:

- Тәрбие жүйесінің маңыздылығы;
- Мақсат, міндеттері;
- Сыныптың ұжым ретінде әрекетінің келешегінің болуы
- Сыныптың тәрбие жүйесін құрудың және іске асырудың негізгі қағидасы.

**Атқарымдық-әрекеттік компонент** келесі бөліктерден тұрады:

- Сыныптағы оқушылардың біріккен әрекетін, қарым-қатынасын ұйымдастыру әдістері мен түрлері;
  - Тәрбие жүйесінің атқаратын негізгі міндеттері
  - Сыныптың күнделікті тіршілігін, өз бетімен әрекет етуін педагогикалық жағынан қолдау, қамтамасыз ету,
- Бұл компоненттің негізін сынып оқушыларымен біріккен әрекет, шара құрайды.

**Диагностикалық-нәтижелілік компоненті.** Ол келесі бөліктерден тұрады:

- Тәрбие жүйесі нәтижесінің (әсерінің) көрсеткіштері;
- Тәрбие жүйесі нәтижесін анықтаудың әдісі мен тәсілдері

**Кеңістіктік-уақытты компоненті.** Ол келесі бөліктерден тұрады:

- Сынып оқушыларының тіршілік-әрекетіндегі, күнделікті дамуындағы адамгершілік-рухани, сезімдік-психологиялық, заттық-материалдық ортасы, жағдайы;

- Сыныптың басқа сыныптармен, қоғаммен байланысы, қарым-қатынасы. Біз күнделікті байқаймыз кейбір сынып оқушылары өздерінен ересек не жасы кіші балалармен қарым-қатынас жасайды. Ал кейбіреуі тіпті өзімен бірге оқитын оқушылармен тіл табыса алмай жатады;

- Сыныптың жалпы мектепшілік тәрбие кеңістігіндегі орны. Кейбір тапсырманы не шараны өткізуді тапсырғанда сыныптың деңгейіне, өз бетінше әрекет ету алу қабілетіне қараймыз. Бұл сыныптың жалпы мектептегі тәрбиелік бет-пердесі;

- Сыныптың тәрбие жүйесінің даму кезеңдері. Тәрбие жүйесі байланысы мен қарым-қатынасы шектелген, жабық жүйе болмауы керек. Сынып жетекші өз сыныбының басқа да сынып оқушыларымен байланысын қалыптастырып, оның нығаюына атсалысқаны дұрыс. Сондықтан кейбір шараларды параллель сыныптар арасында бірігіп өткізуді ұйымдастыру қажеттігі бар. Бірақ бұл жерде ескеретіні оқушылардың барлығын шарамен қамту. Қалғандары бос отырса, бір-біріне кедергі жасап, ешқандай жетістікке қол жеткізе алмайды.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!!!**